


ӨЗБЕКСТАН МЕН АҚШ ЖЕТЕКШІЛЕРІ ЕКІЖАҚТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЖАҢА БАСҚЫШҚА КӨТЕРІЛГЕНІН ҚОЛДАДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 6 ноябрь күні Вашингтонға жұмыс сапары аясында Ақ үйде Америка Құрама Штаттарының Президенті Дональд Трамппен кездесті.



Президент алдымен Ақ үйдің қонақтар кітабына жазба қалдырды. Содан кейін басшылар “Овал” кабинетте келіссөздер жүргізді. Өзбекстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту, саяси диалогты нығайту, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері қарастырылды. Осы жылдың сентябрь айында Нью-Йоркте ең жоғары деңгейде қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыруға ерекше назар аударылды. Орталық Азия мен Америка Құрама Штаттары арасындағы “С5+1” форма-

тындағы ынтымақтастықты тереңдетуді қоса алғанда, жаһандық және аймақтық маңызды өзекті мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы Дональд Трампты ішкі және сыртқы саясаттағы жоғары жетістіктерімен шын жүректен құттықтады. Оның жеке үлесі мен өткір халықаралық және аймақтық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге қосқан күш-жігері ерекше атап өтілді.

Дональд Трамп Өзбекстан басшысының жақында АҚШ үкіметінің өкілдерімен, ірі компаниялардың және қаржы институттарының басшыларымен өткізген жемісті кездесулерімен келіссөздерін жоғары бағалады.

Басшылар бірлескен жобаларды ілгерілетудің институционалды механизмін құру мен жетілдірудің маңыздылығын атап өтті. Кездесу соңында Мемлекет басшысы АҚШ басшысын өзіне ыңғайлы уақытта Өзбекстанға ресми сапармен келуге шақырды.

ӨЗА

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

TRUTH

← Truth Details 628 replies ...

 Donald J. Trump @realDonaldTrump

I am thrilled to announce an incredible Trade and Economic Deal between the United States and Uzbekistan. Over the next three years, Uzbekistan will be purchasing and investing almost \$35 Billion Dollars and, in the next 10 years, over \$100 Billion Dollars, in key American Sectors, including Critical Minerals, Aviation, Automotive Parts, Infrastructure, Agriculture, Energy & Chemicals, Information Technology, and others. I want to thank Uzbekistan's Highly Respected President, Shavkat Mirziyoyev. We look forward to a long and productive relationship between our Countries!

1.55k ReTruths 6.23k Likes 11/7/25, 7:26 AM



АҚШ Президенті Дональд Трамп “Truth Social” әлеуметтік желісіндегі парақшасында төмендегідей жазба қалдырды:

“Америка Құрама Штаттары мен Өзбекстан арасындағы бұрын-соңды болмаған сауда-экономикалық келісімді жариялағанымға қуаныштымын. Алдағы үш жыл ішінде Өзбекстан Американың маңызды минералдар, авиация, автомобиль қосалқы бөлшектері, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, энергетика мен химия, ақпараттық технологиялар және өзге де негізгі салаларына шамамен 35 миллиард доллар, алдағы он жыл ішінде 100 миллиард доллардан астам инвестиция құяды және сатып алуларды жүзеге асырады.

Мен Өзбекстанның аса құрметті Президенті Шавкат Мирзияевқа ризашылығымды білдіремін. Елдеріміз арасындағы ұзақ мерзімді және тиімді байланыстарды асыға күтеміз!”

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ “С5+1” СЕРІКТЕСТІГІН ОДАН ДА КЕҢЕЙТУГЕ ШАҚЫРДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Вашингтондағы АҚШ Президентінің ресми резиденциясы Ақ үйде өткен Орталық Азия елдері мен Америка Құрама Штаттары басшыларының “С5+1” саммитіне қатысты.

Президент Дональд Трамптың төрағалығымен өткен іс-шараға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон және Түркіменстан Президенті Сердар Бердимұхамедов та қатысты.

Мемлекет басшысы АҚШ басшысына құрылғанынан бергі соңғы 10 жылда аймақтық сауда, көлік және энергетикалық қатынастарды дамытудың тиімді механизміне айналған “С5+1” саммитін ұйымдастырғаны үшін алғыс білдірді. Бұл саммит Орталық Азия мен Америка Құрама Штаттары арасындағы стратегиялық диалогты дамытуда жаңа кезең болатыны атап өтілді.

“С5+1” форматы аясындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мақсатында мемлекетіміздің басшысы бірқатар бастамаларды ұсынды.

Біріншіден, қатысушы елдерде кезекпен орналасатын тұрақты қызмет атқаратын Хатшылық құру ұсынылды.

Мемлекеттік органдар, компаниялар мен қаржы институттары арасындағы жүйелі диалогты қамтамасыз ету үшін министрлер деңгейінде Инвестициялар және сауда бойынша үйлестіру кеңесін құрудың маңыздылығы атап өтілді. Сондай-ақ “Орталық Азия инвестициялық серіктестігі” қорын іске қосудың өзектілігі аталды.

Өзбекстан басшысы Орталық Азияның Оңтүстік Кавказбен және Еуропамен байланыстыратын ірі көлік, коммуникация және энергетикалық жобаларды жүзеге асыруда Америка Құрама Штаттарымен белсенді жұмыс істеуге дайын екенін білдірді.

Маңызды минералдарды іздеу, өндіру және терең өңдеу саласындағы күш-жігерді тиімді үйлестіру, сондай-ақ дайын өнімдерді жаһандық жеткізу тізбегіне қосу үшін Арнайы комитет құру ұсынылды.

Америка технологияларын енгізу арқылы аймақтың ауыл шаруашылығын жаңғырту мақсатында Аймақтық агротехнологиялық инновациялық серіктестік құру бастамасы көтерілді.

Гуманитарлық байланыстарды нығайту мақсатында Өзбекстан Президенті АҚШ-тың жетекші мұражайларында Орталық Азия елдерінің мәдени мұрасына арналған бірлескен көрмелер ұйымдастыруды ұсынды.

Мемлекет басшысы келесі саммитті Самарқанд қаласында өткізуді ұсынды.

Іс-шарада басқа да басшылар сөз сөйледі. Саммит соңында көпжақты құжаттар қабылданды.

Сонымен, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёвтың Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапары аяқталды.

ӨЗА

Өзбекстан — Америка:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Америка Құрама Штаттарының Президенті Дональд Трамптың шақыруына орай 4-6 ноябрь күндері Вашингтон қаласында жұмыс сапарымен болды.

Мемлекетіміз басшысы 6 ноябрь күні Орталық Азия елдері мен Америка Құрама Штаттары басшыларының “С5+1” саммиті аясында бірқатар беделді делегацияларды, халықаралық ұйымдардың және ірі компаниялардың жетекшілерін қабылдады.

АҚШ Экспорт-импорт банкінің басшысы Жон Иовановичпен кездесуде осы беделді мекемемен дайындалған бірлескен бағдарлама негізінде энергетика, маңызды минералдар, көлік, ауыл шаруашылығы, IT және басқа да басым салалардағы ірі жобаларды қаржыландырудағы ынтымақтастықты кеңейту болашағы қарастырылды.

“Eximbank” — АҚШ компанияларының сыртқы экономикалық қызметін қолдайтын және оларға сақтандыру, кепілдіктер және несиелік жөнілдіктер беретін үкіметтің ресми экспорттық несие агенттігі. “Eximbank-тің” еліміздің әуе кемелері паркін жаңғыртуға және “Boeing” ұшақтарын жеткізуге қатысуына ерекше назар аударылды. Тәжірибелік ынтымақтастықты жалғастыру және ұзақ мерзімді серіктестік жоспарын әзірлеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысының қатысуымен Өзбекстан Республикасының Инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрлігі мен АҚШ Эксимбанк арасында қол қойылған бірлескен жобаларды қаржыландыру туралы келісімге қол қойылды.

АҚШ Халықаралық қаржы корпорациясының (DFC) бас директоры Бен Блэкпен кездесуде жоғары деңгейдегі белсенді диалогтар мен сауда және инвестициялық ынтымақтастықтың кеңейуі қанағаттанушылықпен атап өтілді. Энергетика, маңызды минералдар, қаржы, көлік, ауыл шаруашылығы және IT салаларында ірі бірлескен бастамалар әзірленуде.

Тәжірибелік серіктестікті тереңдетуге ерекше назар аударылды. Басым жобаларды қаржыландыру үшін бірлескен инвестициялық платформа құруды жеделдету, шағын бизнесті қолдау, сондай-ақ Ташкентте корпорацияның аймақтық кеңсесін ашу бойынша нақты шаралар қарастырылды.

Мемлекет басшысы корпорацияның мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысуының маңыздылығын атап өтті.

DFC — дамушы елдерде инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобаларды

жүзеге асыру үшін жеке капиталды жұмылдыратын АҚШ ұлттық даму институты.

“General Motors International” компаниясының жаһандық атқарушы директоры Шилпан Аминмен кездесуде осы корпорациямен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері қарастырылды. Компанияның еліміздің автомобиль өнеркәсібін дамыту мен әртарапандырудағы маңызды рөлі атап өтілді.

Соңғы 5 жылда компания 1,6 миллион автомобиль шығарды, Өзбекстан “Chevrolet” бренді үшін АҚШ-тан кейінгі екінші ірі базарға және Орталық Азия мен ТМД базарларындағы сатылым бойынша көшбасшыға айналды.

Өндірістік кооперацияны одан әрі дамытуға, өнім түрлерін кеңейтуге және локализацияны тереңдетуге ерекше назар аударылды.

Қазіргі заманғы машинажасауда жоғары сұранысқа ие жаңа технологиялар мен шикізат саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыру болашағы талқыланды.

АҚШ Сауда министрі Ховард Латникпен кездесуде Өзбекстан мен АҚШ арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту, сауда және инвестициялық ынтымақтастықты жандандыру, экономиканың әртүрлі салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Көпқырлы өзбек-американ қарым-қатынастарының тұрақты дамып келе жатқаны қанағаттанушылықпен атап өтілді. Соңғы жылдары сауда айналымының көлемі 4 есеге өсіп, шамамен 1 миллиард долларға жетті. Өзбекстанда 300-ден астам АҚШ компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр, сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, энергетика және инновация салаларында бірқатар ірі ынтымақтастық жобалары жүзеге асырылуда.

Екі тарап та сауда қатынастарын нығайтуға, аймақаралық ынтымақтастықтың тиімді механизмін жасауға, сондай-ақ Үйлестіру кеңесін құруға мүдделі екені атап өтілді.

Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылды. Америка Құрама Штаттарынан соя мен мақта жеткізу, сондай-ақ Америкадағы тамшылатып суарудың озық технологияларын енгізу туралы алдын ала келісімдерге қол қойылды.

Келіссөздер соңында бірлескен жобаларды қолдау үшін инвестициялық платформа құру арқылы практикалық ынты-

мақтастықты жандандыру туралы келісімге қол жеткізілді.

АҚШ-тың жетекші компанияларының, инвестициялық қорларының және қаржы институттарының өкілдерімен өткен дөңгелек үстелге АҚШ Сауда министрі Ховард Латник, Президенттің арнайы көмекшісі Рики Гилл, Президенттің арнайы өкілі Паоло Замполли, Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Стивен Уэйден, сондай-ақ АҚШ-Өзбекстан Сауда палатасының басшылары, “Traxys”, “FLSmith”, “McKinsey”, “Meta”, “Google”, “Amazon”, “Boeing”, “Air Products”, “Axiom Space”, “Cove Capital”, “Freeport-McMoRan”, “Orion CMC”, “Cargill Cotton”, “John Deere”, “Honeywell”, “Valmont Industries”, “Flowserve Corporation” сияқты ірі корпорациялар мен компаниялардың жоғары деңгейдегі менеджерлері қатысты.

Кездесу басында Өзбекстан басшысы соңғы 8 жылда АҚШ-пен сауда көлемі 4 есеге өскенін және елімізде 300-ден астам АҚШ компаниясы табысты жұмыс істеп жатқанын атап өтті.

Президентіміз қазіргі ынтымақтастық деңгейі бірлескен жұмыс үшін кең мүмкіндіктер ашатын жаңа кезеңнің бастамасы екенін атап өтті. АҚШ Президенті Дональд Трамппен алдағы кездесуде экономикалық ынтымақтастықтың нақты бағыттары мен жаңа бірлескен бастамалар талқыланып отырғандығын атап өтті.

Мемлекет басшысы өз сөзінде екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің басым бағыттарын атап өтті.

2030 жылға қарай Өзбекстанда 18-20 гигаватт қайта тіктелетін энергия көздері бар жаңа энергетикалық жүйе құрылады, электр энергиясының жартысынан көбі күн және жел энергиясынан өндіріледі.

Осыған байланысты Өзбекстан мен Америка Құрама Штаттары уран, мыс, вольфрам, молибден және графитті өндіруі және терең өңдеуді дамытады. Сенімді жеткізу тізбектерін құру және АҚШ-тың озық өңдеу технологияларын енгізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, автомобиль жолдары мен теміржолдарды, терминалдар мен әуежайларды жаңғырту бойынша ауқымды бағдарлама жүзеге асырылуда. 2030 жылға қарай көлік инфрақұрылымын дамытуға 12 миллиард доллардан астам қаражат бөлу жоспарлануда.

АҚШ-тың “Google”, “Meta”, “NVIDIA” компанияларымен цифрлық ынтымақтас-

тық кеңейіп келеді. Оларға “Apple Pay” және “Google Pay” төлем жүйелерін енгізу, цифрлық академияны және стартап хабтар желісін құру кіреді.

DFC корпорациясы мен АҚШ Эксимбанкі осындай жобаларды ілгерілетуге және қаржылық қолдауға қатысатыны жарияланды.

Сонында, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев АҚШ компанияларының инвестициялық бастамаларын жеке қолдауға дайын екенін білдіріп, Өзбекстанның сенімді серіктес және шетелдік инвесторлар үшін табыс кепілі болып қала беретінін атап өтті.

АҚШ-тың жетекші компанияларының, инвестициялық қорларының және қаржы институттарының басшыларымен өткен дөңгелек үстел отырысының соңында Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев пен АҚШ сауда министрі Ховард Латниктің қатысуымен екіжақты келісімдермен алмасу рәсімі өтті.

Атап айтқанда, келесі құжаттарға қол қойылды:

— Геология министрлігі мен “Denali Exploration” тобы арасындағы сирек кездесетін жер элементтерін өндіру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

— Өзбекстан Республикасының “Тікте-лу және даму қоры” мен “Re Element Technologies” компаниясы арасындағы сирек кездесетін металдар саласындағы жобаларды жүзеге асырудағы ынтымақтастық туралы келісім;

— Инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрлігі мен “Flowserve” компаниясы арасындағы сорғы станцияларын жаңғырту саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

— Ауыл шаруашылығы министрлігі мен “Valmont Industries Inc” компаниясы арасындағы заманауи су үнемдейтін технологияларды енгізу туралы келісім;

— Алтын технологиялар министрлігі мен “Palo Alto Networks” компаниясы арасындағы жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты кеңейту туралы келісім;

— “Uzairways” пен “Boeing” арасындағы ұшақтарды жеткізу туралы келісім;

— “Datacrop” пен “Louis Dreyfus” компаниясы арасындағы соя біршағын, шрот жеткізу туралы келісім;

— “Uzsanoatexport” пен “Cargill” арасындағы мақта жеткізу туралы келісім.

ӨЗА

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАР

Жуырда Олий Мажлис Сенаты жанында құрылған жұмысшы топ 2025 жылы халық пен мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ортасын қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуын талқылады.

Талқылау барысында жұмысшы топ тарапынан өткен кезеңде іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша атқарылған жұмыстар, соның ішінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған қызметі талданды, сала маманда-

ры мен тәжірибелі ғалымдардың пікірлері тыңдалды. Айтылғанындай, халық пен мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасы мен мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ортасын қалыптастыру бағытында бүгінгі күнге дейін бірқатар

жұмыстар жүзеге асырылған. Атап айтқанда, “Ye-learning” электрондық оқу платформа-сында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі тарапынан “Ашық деректерге қол жеткізу” және “Ашықтық жөніндегі мемлекеттік саясат” тақырыптарын-да екі онлайн-курс іске қосыл-ды. Бұл курстарды 119 ұйымнан 697 қызметкер тәмамдап, олар-ға сертификаттар табысталды. Мемлекеттік сатып алулар үде-рісінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты тәуекелдерді анықтау мақсатында 52 мемлекеттік са-тып алу операторы, 418 мемле-кеттік тапсырыс беруші және 1 мың 115 кәсіпкердің қатысуымен сауалнама жүргізілді. Озық шетелдік тәжірибе

зерттеліп, Финляндия Респуб-ликасы Әділет министрлігінің жергілікті әкімдіктердегі сыбай-лас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша әдістемелік нұсқаулығы өзбек тіліне ауда-рылып, комплаенс қызметтері қызметіне енгізу бағытында жұмыстар атқарылды. Жоғары оқу орындарының ресми веб-сайттарында “Сы-байлас жемқорлыққа қарсы күрес” айдары ашылды. Оның аясында түрлі тақырыптарда 2 328-ден астам үгіт-насихат ма-териалдары мен ақпараттар орналастырылды. Жоғары оқу орындарының әлеуметтік желі-дегі парақшаларында #Stop коррупция хэштегімен 778 рет челлендж өткізілді.

Талқылауға қатысушылар қазіргі таңда сыбайлас жемқор-лыққа қарсы күрес өзекті мәсе-ле болып отырғанын атап өтіп, халық пен мемлекеттік қызмет-шілердің құқықтық санасы мен мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбе-ушілік ортасын қалыптастыру мәселелері заңнамада өз көрі-нісін тауып, оны тезірек тәжіри-беге енгізу бағытында норма-тивтік-құқықтық құжаттар жетіл-діріліп жатқанын айтты. Жиын соңында жұмысшы топтын мүшелері айтқан ұсыныстар мен пікірлер ескері-ліп, іс-шаралар жоспарының орындалуын уақтылы және толық қамтамасыз етуге бағыт-талған жұмыстарды жанданды-ру жөнінде келісімге келді.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.

Ауыл шаруашылығында

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Бүгін Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Қажрамон Юлдашев Малайзияның “Megaque Group Sdn Bhd” компаниясының бас директоры Моһаммад Разали Исмаилмен бейнеконференция өткізді. Екіжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және ауыл шаруашылығы саласында озық цифрлық технологияларды енгізу мәселелері егжей-тегжейлі талқыланды.

Әңгіме барысында жа-санды интеллект мүмкіндік-терін ауыл шаруашылығы-на қолдану салаларына ерекше назар аударылды. Талдауға сәйкес, бұл техно-логиялар су мен тыңайт-қыштарды тұтынуды онтай-ландыруға, өнімділікті ана-литикалық басқаруға және еңбек өнімділігін бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді.

Талқылау барысында Ташкент мемлекеттік аг-рарлық университетінде жасанды интеллект бойын-ша жана білім беру бағдар-ламасын ашу туралы ұсы-ныс жасалды. Сондай-ақ сала қызметкерлері мен жас мамандар үшін білікті-лікті арттыру және практи-

калық оқыту бағдарламала-рын әзірлеу мәселесі де қарастырылды. Кездесу соңында тарап-тар Өзбекстан ауыл шаруа-шылығында цифрлық трансформацияны жедел-дету және инновациялық шешімдерді енгізу бойын-ша ынтымақтастықты ны-ғайтуға келісті. Болашақта осы саладағы ынтымақта-стықты жалғастыру және бірлескен жобалар аясын-да нақты бағыттар мен ба-сымдықтарды анықтау үшін тұрақты кездесулер өткізу жоспарлануда.

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігінің Ақпарат қызметі.

Су — тіршілік көзі

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СУШЫЛАР ТАШКЕНТ ОБЛЫСЫНДА

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің жұмысшы тобы Өзбекстанда су шығынын азайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысу үшін елімізге келді.

Қонақтар алдымен Таш-кент магистралды каналы-ның негізгі су қабылдағы-шына барып, жөндеу және қалпына келтіру жұмыста-рымен, сондай-ақ, Ташкент магистралды каналы басқ-армасының және Ташкент су қоймасының қызметімен танысты.

Қазақстандық су қызмет-керлері Беке ауданындағы “Оңтүстік” және “Оң жақ тармақ” каналдарының бе-тондау үдерістерін көрді. Олар бетондау алдындағы каналдың пайдалы жұмыс коэффициентіне және бе-тондаудан кейін байқалған өзгерістерге, бетонның сапасы, жұмсалған қара-жақ көлемі, құрылыс ұйы-мын таңдау бойынша тен-дер өткізу тәртібі және жылына қанша канал бе-тондалатыны сияқты істер-ге қызығушылық танытты. Екі елдегі бағаларды салы-стыра отырып, олар Өзбек-стандағы каналдарды бе-тондау Қазақстанға қара-

ғанда арзанырақ екенін атап өтті.

Қонақтармен бірге Сыр-дария хаузасы су шаруа-шылығы қауымдастығының басшысы О.Холхужаев және Шыршық-Ахангаран суару жүйелері хаузасы басқармасының лауазым-ды тұлғалары да бар. Екі елдің мамандары арасындағы тікелей байла-ныс және жергілікті жердегі зерттеулер барысында көптеген пікірлер мен ұсы-ныстар айтылды. Тараптар тәжірибе алмасу, оқыту семинарларын ұйымдасты-ру және бірлескен жоба-ларды жүзеге асыру арқы-лы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге келісті.

Қазақстандық су маман-дары Сырдария облысын-да жүргізіліп жатқан жұмыс-тармен де танысады.

Шыршық-Ахангаран суару жүйелері хауыз басқармасының баспасөз қызметі.

Үйлесім

ӨНЕР АРҚЫЛЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ДОСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ

Белгілі болғандай, музыкалық өнер — кез келген елдің әлеуметтік және мәдени дамуы жолындағы ең әсерлі әрі тиімді құралдардың бірі. Өнердің ажырамас бөлігі саналатын музыканың ерекшелігі — оның аударманы қажет етпейтінінде. Бір ұлт өкілі шығарған әсем музыканы бүкіл әлем халықтары түсінеді, сезінеді және одан ләззат алады. Сондықтан да дүние халықтары бір-бірінің өлмес музыкаларын тыңдайды, қадірлейді және оларға құрметпен қарайды. Музыка — адамзаттың жүрегінде адамгершілік, кеңпейілділік, достық пен татулық идеяларын оятатын қуатты құрал ретінде бағаланады. Ол халықтарды біріктіреді, мәдениетаралық диалогты дамытады және бейбітшілікті нығайтуға қызмет етеді.

Осыған байланысты Өзбекстан Республикасы Президентінің “Ұлттық татулық пен шетелдегі отандастармен байланыстарды жаңа басқышқа көтеру жөніндегі шаралар туралы” Жарлығының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген іс-шаралар жоспарына сәйкес, ұлтаралық та-тулықты нығайту, қоғамда достық, өзара түсіністік, кеңпейілділік пен бірлікті қалыптастыру арқылы ортақ азаматтық бірегейлікті дамы-ту бағытында түрлі бастамалар мен жобалар жүзеге асырылуда.

Осы ортақ мақсаттардың нақты көрінісі ретінде Өзбекстанда Шан-хай Ынтымақтастық Ұйымының Халықтық дипломатия орталығы, Өзбекстан Республикасының Ұлта-ралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселелері комитеті және Өзбекстан мемлекеттік өнер және мәдениет институтымен ын-тымақтастықта, Олий Мажлис құзы-рындағы Азаматтық қоғам инсти-туттарын қолдау қоғамдық қоры-ның қаржылық көмегімен жуырда Ұлттық мәдени орталықтар павиль-онында “Саздардағы бірлік — жүректердегі достық” ұранымен “Музыкалық көпір” атты көркем кеш өткізілді.

Бұл концерттің басты идеясы — музыкалық орындау арқылы Өзбек-станда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың елдің дамуына ортақ жауапкершілігін өнер тілімен жет-кізу болды. Концерт бағдарлама-сына түрлі халықтардың дәстүрлі

және заманауи музыкалық шығар-малары, достықты, бейбітшілік пен өркендеуді дәріптейтін әндер мен күйлері енді.

Атап айтқанда, Өзбекстан мем-лекеттік өнер және мәдениет инс-титутының студенттерінен құралған шығармашылық ұжымдармен бірге республиканың әзербайжан, гру-зин, казак, қырғыз, татар, түрік және ұйғыр ұлттық мәдени орталық-тарының өкілдері өз өнерлерін көрсетті.

Музыка, би және халық әуенде-рінің үйлесімі көрермендерге ерек-ше әсер сыйлады. Барлық орын-даушылардың бір сахнада бас қосып, ортақ әуенді бірге орын-дауы музыканың достық пен бір-ліктің рәмізі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ғс-шара соңында барлық қатысу-шылар ұйымдастырушылар тарапы-нан дипломдар мен естелік сыйлық-тармен марапатталды. Бұл кеш өнер мерекесі болумен қатар, ұлтаралық қарым-қатынасты кенейтуге, жастар арасындағы мәдени өзара алмасу-ды ынталандыруға және халықтар достығын нығайтуға бағытталған маңызды әлеуметтік-рухани алаң ре-тінде үлкен мәнге ие болды.

Күмәнсіз, бұл шара музыка ар-қылы халықтар арасындағы достық байланыстарды одан әрі нығайтып, өзара құрмет пен бірлікті арттыру жолында маңызды қадам болды.


Айгүл ТЕШЕБАЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Конференция

АЙМАҚАРАЛЫҚ КЕЗДЕСУ

ЮНЕСКО Бас директорының орынбасары Син Сюй (Хинг Ку) және ЮНЕСКО істері бойынша Өзбекстан Ұлттық комиссиясының төрағасы, Өзбекстан Мәдениет және өнерді дамыту қорының төрағасы, Президент Әкімшілігінің Қретаивті экономика және туризм бойынша департаментінің басшысы Гаяне Умерова өз сөзінде Самарқандтың өркениеттер тоғысқан жер ретіндегі рөміз екенін тілге тиек етіп, ЮНЕСКО тарапынан белгіленген серіктестік және ынтымақтастық рухын жаңарту маңыздылығын айтып өтті. Кездесудің бірінші сессиясы жастардың құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ тұрақты дамуы үшін олардың тыныштық, адам құқықтары, әлеуметтік инклюзия және білім беруді алға тартудағы рөліне арналды. Талқылау барысында ЮНЕСКО, сондай-ақ Германия, Канада және Кения ұлттық комиссияларының өкілдері қатысты. Ал екінші сессияда цифрлы кезеңде мәдениетаралық байланыс, мәдени мұраны сақтау, тұрақты туризм және Жібек жолы бағыттарына назар аударылды. Сонымен қатар шарада ЮНЕСКО, сондай-ақ Франция, Кюрасао және Өзбекстан ұлттық комиссияларының өкілдері сөз сөйледі.

ОҢАЙ ТӘСІЛ, АЛАЙДА ТАБИҒАТҚА ЗИЯН



“Ўзбеккосмос” агенттігінің жүргізген сараптамаларына қарағанда дәл қазірде еліміздегі күріш егінінен босаған егістік алқаптарында өнім қалдықтарын заңсыз түрде өртеуге байланысты 38 жағдай анықталған. Бұдан 500,3 ектар егістік алқабы зиян көрген. Аталған көрсеткіштер Сырдария (30 жағдай 421,9 гектар) және Ташкент облысы (8 жағдай 78,4 гектар) аумақтарына тура келуде.

Сырттай қарағанда егіннен босаған жерлерді өртеуге егістік алқабын тазар-ту тәсілі ретінде қаралғанымен өртеу үде-рісі едәуір экологиялық ділгірліктерді ту-ындататын көрінеді. Яғни егістік алқабын өртеу үдерісінде атмосфераға өте көп мөлшерде көміртегі газы, көмір оксидтер мен зиянды заттар таралады. Бұл үдеріс ауаның ластануына, климат өзгеру үдерісі жылдамдығының артуына себеп болады. Әсіресе жақын маңайдағы тұрғындарда бұл жағдай тыныс алу жүйесі ауруларын арттырады. Сондай-ақ өртелген жер бе-тінің жоғарғы қабатындағы микроағзалар өледі. Ал бұл кейінгі жылғы өнімді төмен-детіп, табиғи гумустың азаяуына және жердің биологиялық белсенділігінің сөну-іне әкеп соғады.

Айта кетерлік жайт, күріш орымынан

босаған алқаптарды тез және арзан жол-мен өртеу Өзбекстан Республикасының әкімшілік жауапкершілік туралы кодексінің 88-бабы, 3-пунктімен базалық есептеу мөлшерінің 10 есесіне дейінгі айыппұл са-лынуына себеп болады. Көрілген зиян мөлшері үлкен болған жағдайда тіпті, қыл-мыстық жауапкершілікке тарту мүмкін. “Ўзбеккосмос” агенттігі осындай жа-ғдайларды жасанды серік суреттері арқы-лы күнде мониторингілеп отырады. Сала өкілдері еліміз азаматтарын осы сынды кері жағдайлардың күәсі болғанда Эко-логия, қоршаған ортаны қорғау және кли-мат өзгеруі министрлігінің 1207 сенім нөмірлеріне хабарласуға шақырады.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Цифрлық білім

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТІРЕГІ

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру кеңістігінде орын алып жатқан өзгерістер цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Бұл өзгерістерден Өзбекстан да шеттеп қалған жоқ. Еліміздегі білім жүйесі “Цифрлық Өзбекстан — 2030” стратегиясы аясында жаңғырып, оқыту үдерісіне жаңа серпін беретін реформалар іске асырылуда. Осы ауқымды бастаманың өзегінде — цифрлық білім беру жүйесін дамыту міндеті тұр.

Цифрлық білім — жай ғана компьютер немесе интернетті қолдану емес, керісінше, оқыту мазмұны, әдістері мен ұйымда-стыру жүйесін түбегейлі өзгер-тетін жана педагогикалық фи-

лософия. Ол оқытушы мен бі-лім алушы арасындағы өзара әрекеттестікті жана деңгейге көтеріп, оқу үдерісін даралан-дыруға және икемді етуге жол ашады. Яғни, білім берудің

құрылымы мен формасы түбе-гейлі жаңарып келеді.

Ақпараттық-коммуникация-лық технологияларды тиімді пайдалану білім беру мазмұ-нын жаңғыртуға және оқыту әдістерін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Атап айтар болсақ, оқытудың даралануы — әр студенттің қабілетіне қарай бейімделген білім беру, білім сапасының артуы — оқу үде-рісін бағалау, бақылау және тал-дау мүмкіндіктерінің кеңеюі, шығармашылық пен сыни ой-лаудың дамуы — цифрлық ор-тада білім алушының белсен-ділігі мен дербестігін ынталан-дыру, сондай-ақ серіктестік қағидасы — оқытушы мен сту-дент арасындағы қарым-қаты-настың жаңа сапалық деңгей-

ге көтерілуімен сипатталады. Шыршық мемлекеттік педа-гогикалық университеті соңғы жылдары цифрлық білім беруді дамытуда нақты нәтижелерге қол жеткізуде. Университет ұжымы заманауи педагогиканы технологиямен ұштастыру ар-қылы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын арттыруда тың бастамаларды қолға алған. Атап айтқанда, оқытушылардың біліктілігін арттыру мақсатында “Цифрлық педагогика”, “Ка-шықтан оқытуды жобалау”, “Оқытудың интербелсенді әдіс-тері” бағыттары бойынша тұрақ-ты курстар ұйымдастырылды. Педагогикалық ұжымның цифр-лық құзыреттілігін дамытуға ар-налған жобалар сәтті жүзеге асырылып, цифрлық құралдар

оқу және өндірістік тәжірибеге жүйелі енгізілуде.

Университет ректоры, про-фессор Г.И.Мухамедовтың ай-туынша, “Цифрлық білім — ұстаз бен студент арасындағы жаңа серіктестік түрі. Бұл серік-тестік білім сапасын арттырып, студенттердің белсенділігін күшейтеді”. Осыны негізге ала отырып, цифрлық білім беру үдерісі арқылы болашақ мұға-лімдердің технологиялық сау-аттылығын, цифрлық ойлау қабілетін және инновациялық көзқарасын дамыту мақсатын-да арнайы тәжірибе жұмыста-рын жүргіздік.

Цифрлық білім беру ортасын модельдеу — студенттерге ар-налған цифрлық орта құрылды. Бұл ортада онлайн тестер, ин-

тербелсенді тапсырмалар, бей-не сабақтар мен рефлексиялық күнделік жүргізу жүйесі енгізілді. Педагогикалық практикада цифрлық құралдарды қолдану — болашақ мұғалімдер өздерінің оқу және практикасы кезінде сабақ жоспарын әзірлеу, сабақ өткізу және бағалау кезеңдерін-де Padlet, Canva, Mentimeter, Kahoot сияқты заманауи цифр-лық құралдарды пайдаланады. “Цифрлық педагогикалық жобалау” курсын сынақтан өткі-зу — тәжірибе барысында бо-лашақ мұғалімдердің цифрлық сабақ құра білу, оқу контентін әзірлеу және оны оқу үдерісін-де тиімді қолдану дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

Рефлексия және кері байла-ныс — тәжірибеге қатысқан студенттер мен оқытушылар-дан алынған пікірлер негізінде әдістемеге түзетулер енгізілді. Бұл өз кезегінде цифрлық ор-тада оқытуды жақсартты.

Зерттеу нәтижесінде бола-шақ мұғалімді цифрлық ортада

даярлаудың кезеңдік моделі әзірленді, цифрлық рефлек-сия, педагогикалық жобалау, креативті ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған арнайы әдістемелер жасалды, сондай-ақ студенттердің цифр-лық құралдарды мақсатты және шығармашылықпен қолдану дағдылары жетілдірілді.

Бұл нәтижелер Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінде цифрлық бі-лім беру ортасын тиімді ұйым-дастыру арқылы сапалы өзге-рістерге қол жеткізуге болаты-нын дәлелдейді. Демек, білім беру саласының табысты да-муы қазіргі заман талабына сай педагогтарды даярлау мен цифрлық мәдениетті қалыпта-стыруға тікелей байланысты.

Өлібек ҚАЛДЫБЕКОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті “Педагогика” кафедрасының оқытушысы.

Бәрі де балаларға

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ НАҚТЫ КӨРІНІСІ

Бүгінгі таңда елімізде әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндіктер қағидаты нақты іске асуда. Мемлекет мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамдағы орнын арттыру, оларды сапалы біліммен, медициналық қызметпен, спортпен және шығармашылықпен айналысуға теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Мемлекет басшысының тікелей бастама-сымен соңғы жылдары ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдап-қуаттауға бағытталған бірнеше стратегиялық бағдарлама қабылданып, білім беру мекемелерінде инклюзивті оқыту жүйесі дамып, арнайы инфрақұрылым жетілдірілуде. Арнайы мектеп-интернаттар мен оналту орталықтары заманауи құралдармен жабдықталып, балалардың тек емделуіне ғана емес, жан-жақты дамуына барынша жағдай жасалуда. Сонымен қатар ерекше балалардың спортқа бейімділігі мен қабілетін ашу мақсатында спорт секциялары, жарыстар мен олимпиадалар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл тек физиологиялық даму ғана емес, олардың ішкі сенімі мен өмірге деген құштарлығын арттыратын маңызды әлеуметтік басқыша айналууда. “Бәрі де бала үшін” деген ұстанымды берік ұстанған ел билігі әрбір баланың қоғамнан өз орнын табуына, өз арманын еркін жүзеге асыруына толық жағдай жасауда. Бүгінде еліміз — ерекше балаларды шектейтін емес, керісінше, қолдайтын, оларға сенетін мемлекетке айналуда. Осындай қолдаудың жарқын нәтижесін

жұырда өткен “Өзбекстан арнайы олимпиадасы” республикалық футбол чемпионаты айқын көрсетті. Өзбекстанда мүмкіндігі шектеулі балалар арасында алғаш рет ұйымдастырылған осы футбол чемпионаты ел көлемінде үлкен серпіліс тудырды. Басты жаңалық, Ташкент облысының Аққорған ауданындағы №78 мамандандырылған мектеп-интернаттың оқушылары турнирдің басты жеңімпаздары атанды. Қоғамда инклюзия ұғымы барған сайын маңызға ие болып келе жатқаны барлығымызға белгілі. Ал спорт бұл идеяны іске асырудың ең қуатты құралына айналды. Республиканың әр түкпірінен келген командалар арасында өткен чемпионатта шынайы достық, әділ бәсекелестік пен рухтың биіктігі байқалды. Солардың ішінен ерекше көзге түскен Аққорғанның №78 мамандандырылған мектеп-интернатының жас футболшылары. Олар аланда тек доп кумады, керісінше, олар өз тағдырымен күресті, өз мүмкіндіктерін шексіз етіп көрсетуге тырысты. Финалдық басқышта Ташкент облысының құрамасы Бұхара, Жызақ, Нөкіс сынды аумақтардан келген үздік командалармен

бақ сынасты. Әрбір ойында шиеленіс, жанкештілік, эмоцияның барлығы да жоғары деңгейде өтті. Дегенмен Аққорғанның жас батырлары нағыз командалық рухтың не екенін дәлелдеді. Тартысты өткен финалдық ойында қарсыласқа еш мүмкіндік қалдырмай, айқын басымдықпен жеңіске жетіп, республика чемпионы атағын иеленді. Жеңіс сәтінде жас футболшылар мен жаттықтырушылардың көзінен жас емес, шынайы бақыт пен мақтаныш тамшылады. “Өзбекстан арнайы олимпиадасы” — бұл жарыс қана емес, қоғам назарын ерекше балаларға аударуға бағытталған әлеуметтік мәні зор бастама. Бұл жобаның арқасында жүздеген жас спортпен шұғылдануға мүмкіндік алып, өздерінің әлеуетін ашты. Ата-аналар, ұстаздар мен жаттықтырушылар бірігіп, осы балалардың арманын шындыққа айналдырды. Ташкент облысы жеңіске жетті. Бірақ шын мәнінде, жеңіс барлық қатысушыларға ортақ. Олар қоғамға, әлемге: “Біздің де қолымыздан бәрі келеді!” деген жарқын үнін жеткізді. — Бұл жеңіс — спорттық нәтиже емес, керісінше, балалардың өзіне сенімі мен болашаққа деген үмітінің жеңісі. Біз оларға тек футбол үйреткен жоқпыз, біз оларға өмірге сенуді үйреттік, — дейді команда жаттықтырушысы. Ташкент облысының арнайы мектеп-интернатында білім алатын жас спортшылардың бұл жетістігі — болашаққа бастар сенімді қадам. Олардың артында қолдаушы қоғам, сенімді тәрбиешілер тұр.



Еліміздегі бүгінгі реформалар

ӨРКЕНДІ ӨМІРГЕ СЕНІМДІ ҚАДАМ

Қазіргі таңда елімізде ел дамуының жаңа дәуірі басталып, қоғамның барлық саласында тың серпілістер мен ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы Шавкат Мирзияевтың бастамасымен қолға алынған Жаңа Өзбекстан стратегиясы — экономикалық өсімді жеделдетіп, әлеуметтік әділеттілік пен сапалы өмір деңгейін қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Осы реформалардың аясында ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп және инфрақұрылым салалары қарқынды дамып, халықтың әл-ауқаты жақсартылуда. Әсіресе, жастарға көрсетіліп жатқан қолдау ерекше: сапалы білім алу, кәсіби дағдыларды жетілдіру, инновациялық жобаларға қатысу арқылы олар еліміздің жарқын болашағын қалыптастыруда белсенділік танытуда. Мәдениет пен руханият саласында да маңызды бастамалар қолға алынып, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Осындай жағдайларда әрбір аумақта, әрбір мекемеде жастар мен ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын, азаматтардың отансүйгіштік рухын арттыратын іс-шаралар белсенді түрде ұйымдастырылуда.

Бүгінгі таңда білім беру мен кәсіби даярлық саласында жүргізіліп жатқан реформалар жастардың жана заман талаптарына сай бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған маман болып қалыптасуына зор мүмкіндік беруде. Осы орайда аумақтардағы білім беру мекемелері мен кәсіби орталықтардың өзара ынтымақтас-тығы — еліміз болашағының кепілі саналады.

Қазірде білім саласындағы жаңалықтар мен ынтымақтастықтың маңызы ерекше. Ел дамуындағы басты басымдықтардың бірі — жас ұрпақты сапалы біліммен қамтамасыз етіп, олардың кәсіби дағдыларын дамыту. Осы тұрғыдан алғанда, Аққорған ауданында орын алған соңғы оқиға — білім мен кәсіптік даярлықты үйлестіретін маңызды бастама ретінде үлкен мәнге ие.

Жуырда Ташкент облысының Аққорған ауданындағы мамандандырылған мектебінде аудандық Кәсіби дағдылар орталығы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат екі мекеменің бірлескен жұмысын нығайтып, оқушыларды заманауи талаптарға сай болашақ мамандықтарға дайындауға бағытталған.

Меморандум аясында алдағы уақытта оқушыларға арналған түрлі оқу-семинарлар мен практикалық жобалар ұйымдастырылатын болады. Заманауи кәсіби білім беру жүйесін дамыту арқылы жастардың еңбек базарында бәсекеге қабілеттілігі артпақ. Сонымен қатар бұл ынтымақтастық жастардың инновациялық ойлау қабілетін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Шара барысында мамандандырылған мектептің кеңесшісі Махлия Шамсидди-

нова мен Кәсіби дағдылар орталығының директоры Гулирано Умарова бірлескен ынтымақтастық бағдарламасының маңызды жақтарын жан-жақты талқылады. Олар оқу үдерісі мен кәсіптік даярлықты үйлестіру жолдарын, сондай-ақ жастарды кәсіби тұрғыда жетілдірудің жана әдістерін қарады.

Бұл меморандум — болашақ мамандарды даярлаудағы жүйелі әрі мақсатты қадамдардың бірі. Ол жастардың кәсіби жетілуін қамтамасыз етіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосатын, білікті кадрлар даярлауға негіз болады.

Сонымен қатар қазіргі заманда еңбек базарының сұраныстарына жауап бере алатын мамандарды даярлау — елдің тұрақты дамуының кепілі. Сондықтан осындай ынтымақтастықтар еліміздің білім беру жүйесін жаңғыртып, болашақта кәсіби жетістіктерге жетелейтін маңызды механизмдердің бірі саналады.

Өзбекстан бүгінгі таңда жаңару мен даму жолында сенімді қадам жасап, еліміздің әрбір азаматының әлеуетін толық ашуға бағытталған ауқымды реформаларды жүзеге асыруда. Мемлекет тарапынан қолға алынған шаралар — экономикалық өсімінің кепілі ғана емес, сонымен қатар рухани жаңғыру мен ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған маңызды іргетас.

Жастарды сапалы біліммен және кәсіби дағдылармен қамтамасыз ету — еліміздің тұрақты дамуының негізгі факторы. Сондықтан білім беру мекемелері мен кәсіптік орталықтардың ынтымақтастығы — бұл болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, инновациялық тұрғыдан ойлайтын, ел игілігіне адал қызмет ететін буынын қалыптасуына жағдай жасайтын стратегиялық қадам.

Ұрпақтар сабақтастығы мен бірлік — ұлттық руханияттың негізі. Осындай игі бастамалар арқылы елімізде Отанға деген сүйіспеншілік сезімі, еңбекқорлық пен жауапкершілік сынды құндылықтар жана-ша деңгейге көтерілуде.

Алдағы уақытта да осы бағыттағы ынтымақтастық пен жобалар жалғасын тауып, Өзбекстанның жарқын болашағы үшін қызмет ететін жана буынын қалыптасуына мол мүмкіндік береді деп сенеміз. Еліміздің әрбір азаматы осы ұлы реформалардың басты қатысушысы әрі қолдаушысы, ал біз бәріміз бірге атсалысып, жарқын әрі кемел болашаққа қарай ынтымақпен алға ұмтылуымыз қажет.

Әйелдерге жаңа мүмкіндік

ТАБЫСТЫ БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШҚАН ОРТАЛЫҚ

Бүгінде елімізде адам капиталына, соның ішінде әйелдер мен жастардың әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылып келеді. Мемлекет басшысының бастамасымен соңғы жылдары әлеуметтік қорғау, кәсіпкерлікті қолдап-қуаттау, денсаулық сақтау және білім беру салаларында бұрын-соңды болмаған ауқымды реформалар жүзеге асырылуда.

Әсіресе, әйелдердің қоғамдағы орнын нығайту, олардың экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан белсенділігін арттыру — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. “Әйел бақыты — ел бақыты” деген қағидаты ұстанған мемлекетіміз әрбір ананың, әрбір қыз-келіншектің тұрмыс сапасын жақсартуға нақты жағдай жасап отыр. Республиканың барлық аумағында “Әйелдер дәптері”, “Жастар дәптері”, “Темір дәптер” сияқты әлеуметтік жобалар жүзеге асырылып, мыңдаған азамат жұмыспен қамтылуда, өз кәсібін ашуға мүмкіндік алуда. Денсаулық сақтау саласында да жана деңгейдегі “Салауатты ана — салауатты ұрпақ” бастамалары кең өріс алып, әйелдер мен балалар денсаулығына бағытталған заманауи орталықтар ашылуда. Мұндай игі істердің түпкі мақсаты — қоғамдағы әрбір әйелдің өз орнын табуына, өз қабілеті мен еңбегі арқылы отбасы мен ел дамуына үлес қосуына жол ашу. Осы бағыттағы бастамалардың жарқын жалғасы ретінде Ташкент облысының Аққорған ауданындағы “Құрғонтепа” махалласында жана “Кәсіпкерлік пен Салауаттылық” орталығы өз жұмысын бастады. Бұл орталық — мемлекетіміздің әйелдерге арналған қамқор саясатының,

қоғамдағы олардың рөлін арттыруға бағытталған нақты істердің жарқын көрінісі.

Бүгінде елімізде әйелдердің денсаулығын сақтау, олардың өмір сүру сапасын жақсарту және отбасылық әл-ауқатын арттыру мәселелері мемлекеттік деңгейде үлкен мәнге ие. Өйткені салауатты ана — бақытты отбасының, ал бақытты отбасы — берекелі қоғамның негізі. Осы мақсатта ашылған “Салауаттылық орталығы” махаллада тұратын әйелдер мен қыз-келіншектердің денсаулығын қадағалау, профилактикалық тексерулерден өткізу және салауатты тұрмыс салтын насихаттау бағытында қызмет етеді. Мұнда тұрғындарға медициналық кеңестер, психологиялық қолдау және денсаулықты сақтау бойынша тегін бағдарламалар ұсынылады. Жергілікті арулар мен аналар енді өз махалласында-ақ кәсіби мамандардың көмегіне жүгіне алады. Бұл ауылдағы әйелдер үшін бұрын-соңды болмаған үлкен мүмкіндік.

Махалла ғимаратының екінші қабаттында орналасқан “Кәсіпкерлік орталығы” тігіншілік бағыты бойынша жұмысын бастады. Мұнда алғашқы кезеңде “Әйелдер дәптеріне” және кембағалдық реестріне енгізілген әйелдер жұмысқа тартылуда. Орталық



оларға тек табыс табуға ғана емес, сонымен қатар өз ісін бастауға, жана кәсіп үйренуге жол ашады. Арнайы оқыту курстарында тігіншілік, сән үлгісі, үй шаруасына қажетті шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, қатысушыларға тәжірибелі мамандар жетекшілік етеді. Жоба нәтижесінде көптеген әйелдер тұрақты табыс көзіне ие болып, өз отбасына қосымша табыс әкеледі. “Құрғонтепа” тұрғындары жана орталықтың ашылуын зор қуанышпен қарсы алды.

Бұрын осындай мүмкіндік бізде болған емес. Енді үйіміздің қасындағы орталықта тігіншілікті үйреніп, өз еңбегімізбен отбасымызға табыс әкелеміз, — дейді махалла тұрғындарының бірі. Құрғонтепа махалласында ашылған “Кәсіпкерлік пен Салауаттылық” орталығы — жергілікті өмірге жана леп, жана серпіні әкелген игілікті бастама. Мұнда әрбір әйел өз арманын жүзеге асырып, өз еңбегімен табыс табуға, өз әлеуетін ашуға мүмкіндік алады.

отырғандай, инклюзивті ілім беру — тек ерекше балалардың мәселесі емес, керісінше, қоғамның әділеттілігі мен өркениеттілігінің көрсеткіші. Өйткені инклюзияның басты мақсаты — ешбір баланы шеттетпеу, баршаға тең мүмкіндік беру, қоғамға бейімделуіне көмектесу. Елімізде бұл салада соңғы жылдары үлкен қадамдар жасалуда. Атап айтар болсақ, ерекше балаларға арналған арнайы ресурстық орталықтар, жалпы орта білім беретін мектептерде инклюзивті сыныптар ашу, мүғалімдерді қайта даярлау, ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу, психологиялық педагогикалық қолдауды күшейту. Осы тұрғыдан алғанда, Аққорған ауданындағы “Инсон” әлеуметтік қызметтер орталы-

ғының бастамасы — еліміздегі реформалардың нақты мысалына айналды. Инклюзивті (ағылш. inclusive) — “барлығын қамтитын”, “ешкімді шеттетпейтін” дегенді білдіреді. Білім беру жүйесінде бұл — әрбір баланың қабілеті мен қажеттілігіне қарамастан, ортақ білім кеңістігінде қоғаммен бірге даму құқығын қамтамасыз ету деген мағынада қолданылады. Яғни, инклюзивті білім — мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы орта білім беретін мектептерде оқуына жағдай жасау, ерекше назар мен тәсілді қажет ететін балаларға бейімделген оқыту жүйесін енгізу, сондай-ақ ата-аналар мен педагогтардың осы бағытта бірлесе жұмыс істеуін жолға қою.

күмән мен үрейді сейілту, мамандармен бетпе-бет сөйле-сіп, көкейдегі сұрақтарға нақты жауап алуына мүмкіндік беру үшін ұйымдастырылды. Тренингтің білім беру бөліміне орталықтың жетекші психологы З.Омонов, тәжірибелі супервайзер А.Кушбаев, дефектология саласындағы білікті психолог Х.Асадова қатысты. Олар ата-аналарға баланың психологиялық дамуы, эмоциялық қолдаудың рөлі, үй жағдайында түзету-дамыту тәсілдері, сондай-ақ ерекше балаға арналған оқыту әдістемесі туралы жан-жақты ақпарат берді.

Мұның барлығы — нақты мысалдарға, өмірлік жағдайларға, ата-аналармен интер-белсенді жұмысқа негізделді. Тренинг барысында бейнема-териалдар, слайдтар, практи-калық жаттығулар, эмоциялық

сергіту ойындары ұсынылды. Бұл әдістер ата-аналардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, инклюзивті білімнің негізгі принциптерін терең түсіуге көмектесті. Әсіресе, шынайы кейіпкерлер мен нақты оқиғалар көрсетілген бейне түсірілімдер ата-аналардың жүрегіне әсер етті. Көптеген ата-аналар ашық сөйлесті, көңіліндегі қорқыныштарын, сұрақтарын ортаға салды. Мамандар әрбір сұраққа түсінікті, жылы және кәсіби деңгейде жауап берді. Жалпы айтқанда, елімізде жүргізіліп жатқан инклюзивті реформалар — еліміздің болашаққа деген сенімді қадамы. Әрбір баланың тағдыры — еліміздің тағдыры. Оны елеу-емес, керісінше қолдап-қуаттау, түсініп, бірге өсіп-дамуына мүмкіндік беру — бүгінгі қоғамның басты миссиясы.

Беттің материалдарын “Нұрлы жолдың” тілшісі Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ дайындады.

Шара

XXIX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ “ИННОВАЦИЯ – 2025”

Республикамызда инновациялық даму үдерістерін жеделдету, өнеркәсіпшілер, ғалымдар, кәсіпкерлердің іс-әрекеттерін біріктіру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Ислам Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университетінде XXIX Халықаралық конференция өтті.

Ұлттық инновациялық жүйе және инновациялар XXI ғасырда мемлекеттің ең маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді табысты шешу, жаңа өнеркәсіптік және қаржылық технологияларды енгізу, инновациялық-инвестициялық инфрақұрылымды дамыту, зияткерлік әлеуетті сақтау және көбейту, экспортқа бағдарланған өнім шығару, импортты алмастыру, валюта қорларын жинақтау көп жағдайда инновациялық қызмет пен инновациялық факторларға, қоғамдағы инновациялық мәдениетке байланысты.

Қазіргі кезеңде және болашақта ең үлкен нәтижелер мен жаңалықтарға түрлі ғылымдардың тоғысында, пәнаралық деңгейде, идеялардың, әдістердің,

ғалымдар мен түрлі саладағы мамандардың бірлескен жұмысының нәтижесінде әзірлемелердің өзара араласуы нәтижесінде қол жеткізуге болады. Сондықтан бұл конференцияның жобасы ең маңызды бағыттарды — жастар және білім беру мәселелері, салалық инновациялар, энергия және ресурстарды үнемдеу, тау-кен ісі және металлургия, математика және математикалық модельдеу, автоматты басқару, ақпараттық технологиялар және цифрландыру жүйелері, экология мәселелері, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын қамтиды.

Инновациялық даму үдерісіндегі ең ұзақ және ең күрделі кезең — қоғамда инновациялық мәдениетті қалыптастыру, яғни инновациялардың қажеттілігін

түсіну және олардың бүкіл бейнесін ұғыну әлеуеті. Осы мағынада жиырма сегіз жылдық тарихы бар конференциялар, сөзсіз, еліміздің инновациялық дамуына өзінің жоққа шығарылмайтын үлесін қосуда. Сондай-ақ көптеген игі істер, асыра айтқанда, осы конференцияларда сынақтан өтті, өмірге жолдама алды және экономиканың түрлі салаларында жаңа технологиялар, өнімдер мен қызметтер түрінде жүзеге асырылуда.

Конференция жобасы ашық, ұтқыр болып, өзінің жалпы және секциялық жұмыстарында инновациялық дамудың әлемдік үрдістерін ескере отырып, жұмыс екпінін өзгертіп келеді.

Шара Ислам Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университеті жанындағы Өзбекстан, Жапония жастар инновация орталығында, осы университеттің проректоры, профессор О.О. Зарипов; Науаи тау-кен металлургия комбинаты акционерлік қоғамының Озық технологиялар орталығының басшысы, т.ғ.д. У.З. Шарафутдинов, Стратегиялық инновациялар және ақпараттандыру орталығының директоры, профессор, т.ғ.д. А.А. Қадыров; жоба жетекшісі, профессор Ресей Жа-

ратылыстану академиясының академигі, Қазақстан Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, Ресей Федерациясы Азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық академиясының академигі, б.ғ.д. В.Т. Велямов; Ташкент химия-технология институтының профессоры А.Артиков; Санкт-Петербург университетінен ф.м.ғ.к., доцент Е.С. Сергиенко және басқалардың өзекті мәселелер бойынша сөйлеген сөздерімен басалды. Талқылауға көптеген ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, профессорлар, доценттер, өнеркәсіпшілер, дарынды жастар қатысты.

Конференцияға тек Өзбекстаннан ғана емес, сонымен қатар шетелдерден Беларусь, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан өкілдері де белсенді қатысты. Кейбір мәселелер бойынша шынайы пікір алмасу үзілістерде де жалғасты. Шара пікірталастарға толы болды.

Конференция материалдарының ғылыми мақалалар жинағы ретінде жарияланып, шара қатысушыларына таратылуы ғылыми, практикалық, әдістемелік маңызға ие.

Хасан АБДУНАЗАРОВ, Ташкент қаласы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ташкент облысының Жоғарышыршық ауданындағы Қырсадақ елдімекені “Науаи” махалла азаматтар жиынының тұрғыны Ілесбаев Мұхан Аманұлын 12 ноябрь күні 63 жасқа толған мерейлі мерекесімен және жұбайы Фаридамен отандасқандарының 35 жылдығымен шын жүректен Құттықтаймыз. Сіздерге өмірдегі барлық жақсылықтарды тілеп, әр күніңіз берекелі, мерекелі болсын дейміз!

Әрбір белес, әрбір асу, ол — бір із, Қианда да жақсылыққа сендіңіз. Өмір жолда бізге өнсе, үлгі бол, Міне, Сіз де 63-ке келдіңіз.

Құттықтаушылар: Ілесбаевтар жаяғысы.

серпін беріп, олардың жаңа идеяларға деген ынтасын одан әрі арттырды.

Кездесу соңында бірқатар мәселелер шешімін тапты, қалған ұсыныстар тиісті мекемелердің қарауына жолданды. Бұл білік пен жастар арасындағы ашық диалогтың нақты нәтижесі екенін айғағы.

Араға екі күн салып облыс әкімі Ә.Турдимов Мирзабад ауданындағы әскери бөлімге барып, “Ерлік мектебінің” оқушыларымен жүздесті. Мұнда да басты тақырып — отансүйгіштік, тәртіп пен еңбекқорлық болды. Жастармен пікірлесу барысында әкім елдің болашағы тек білім мен жауапкершілікте екенін, әр жас өз ісінде үздік болуға ұмтылғанда ғана қоғам өркендейтінін атап өтті.

Мұндай кездесулер — тек ресми шара емес, ұрпақтар арасындағы сенім көпірі. Олар жастардың көзқарасын тыңдап, ұсынысын ескеруге мүмкіндік береді. Бүгінгі білімді, белсенді, мақсатшыл жастар — ертенгі елдің тірегі. Осындай бастамалар арқылы қоғамда жаңа ой, жаңа серпін қалыптасады.

лық ғылыми орталықтарда зерттеулер жүргізуге және алдыңғы қатарлы клиникаларда еңбек етуге мүмкіндік береді. Осы арқылы аймақтан шыққан жас дәрігерлердің әлемдік медицина кеңістігінде өз орнын табуына жол ашылмақ.

ГүлМУ-дың медицина факультетінің дүниежүзілік деңгейде мойындалуы — өңірде медициналық кадрлар даярлаудың жаңа кезеңін бастады деуге болады. Бұл — тек академиялық жетістік емес, сонымен бірге ел денсаулығын жақсартуға бағытталған үлкен әлеуметтік серпін. Өйткені қазіргі таңда сапалы медициналық кадрларға деген сұраныс жоғары, ал халықаралық деңгейде мойындалған білім беру орталығы бұл қажеттілікті толтыруға елеулі үлес қосады.

Осылайша, Гүлстан мемлекеттік университетінің медицина факультеті аймақтық деңгейден асып, халықаралық аренада өз орнын таба білді. Бұл оқиға өңір жастарына шабыт беріп, ғылым мен білімнің шекарасыз екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді. ГүлМУ медицина факультетінің бүгінгі жетістігі — ертенгі ұлт саулығының, ел болашағының кепілі.

Айдана МЕДЕНОВА, “Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Теңдік журналистикасы

КЛИМАТ ЖӘНЕ ГЕНДЕР

Бүгінгі таңда климаттың өзгеруі тек табиғат мәселесі емес, ол адам құқығы, әлеуметтік теңдік және әділдікпен тығыз байланысты жаһандық мәселе болып отыр. Өсіресе ауыл әйелдері бұл дағдарыстың ең ауыр зардабын бастан өткеріп отырған әлеуметтік топтардың бірі. Сондықтан гендерлік теңдік пен экологиялық тұрақтылықты ұштастырған көзқарас — заман талабы.

БҰҰ деректеріне сүйенсек, климаттың өзгеруі салдарынан тұрғылықты мекенін тастап көшуге мәжбүр болған адамдардың 80 пайызы — әйелдер. Себебі көптеген дамушы елдерде әйелдер көбінесе отбасының негізгі тұрмыстық қажетін қамтамасыз етуші ретінде су, азық-түлік, тағы басқаларды жауапкершілігін мойнына алады. Сондықтан кез келген экологиялық дағдарыстардың зардабы ең алдымен олардың өміріне тікелей әсер етеді.

Мысалы, 1991 жылы Бангладештегі жойқын циклон кезінде қаза болғандардың 91 пайызы, 2004 жылы Үнді мұхитындағы цунами құрбандарының 70 пайызы әйелдер болған. Бұл деректер климаттық дағдарыстың салдары гендерлік тұрғыдан түрліше екенін көрсетеді.

Өзбекстанда да су тапшылығы барған сайын өзекті мәселеге айналуда. Республикамыз бүгінде 164 мемлекеттің ішінде су ресурстары аз елдердің 25-орнында тұр. Ауыл әйелдері күн сайын орташа есеппен 2,5 сағат уақытын су тасуға жұмсайды. Ал егер осы уақытты олар білім алуға немесе кәсіпке арнай алғанда, қоғамның да, отбасының да әл-ауқаты әлдеқайда жоғары болар еді.

Гендерлік теңсіздік — экологиялық тұрақтылық жолындағы басты кедергілердің бірі. Зерттеулер фермер әйелдер ерлермен тең мүмкіндіктерге ие болса, өнімділік 20-30 пайызға артатынын көрсеткен. Бұл арқылы әлемде 100-150 миллион адамды аштықтан құтқаруға болады.

Өзбекстанда соңғы жылдары экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бірқатар ірі бастамалар жүзеге асуда. “Жасыл кеңістік” бағдарламасы аясында 2021-2022 жылдары 200 миллионнан астам ағаш көшеті егілді. Бұл экожүйені жақсартумен қатар, әйелдер мен жастардың қоғам өміріндегі белсенділігін арттырды. “Суды үнемдеу — болашаққа үлес” акциясы нәтижесінде су тұтыну 20 пайызға азайды, ауыл шаруашылығында су үнемдейтін технологиялар енгізілді. “Аралбойы үшін экологиялық белдеу” бастамасы Арал апаратын халықаралық деңгейде танытып, аймақты қайта қалпына келтіруге инвестициялар тартуға себеп болды.

Мұндай бастамалар әйелдерді де белсенді болуға жұмылдырды. Мысалы, көптеген ауылдарда су шаруа-

шылығын басқару комитеттерінің негізгі мүшелері әйелдер, олар инфрақұрылым, санитария және экологиялық ағартушылық бағытында өз тәжірибелерін, үлесін қосуда.

Әлемдік тәжірибе әйелдер экологиялық қозғалыстардың жетекшісіне айналуы мүмкін екенін көрсетеді. Кенияда 1977 жылдан бері ауыл әйелдерінің бастама-сымен жүзеге асырылып келе жатқан “Жасыл белдеу” әрекеті аясында бүгінде 51 миллионнан астам ағаш отырғызылған. Зимбабведе құрылған “Акашинга” атты әйел инспекторлар жасағы жабайы табиғатты қорғау ісінде ерлерден кем түспей еңбек етуде. Ал Эквадорда әйелдер химиялық тыңайтқыштар мен улы заттардың салдары гендерлік тұрғыдан түрліше екенін көрсетеді.

Климат пен гендер мәселелерін жариялауда журналистиканың рөлі орасан зор. Теңдік журналистикасы — тек ақпарат таратушы ғана емес, сонымен қатар қоғам санасын қалыптастырушы, әйелдердің даусын естіртуші және шешім іздеуге үндейтін қуатты құрал болып табылады. Сондықтан да бүгінгі журналистердің ең үлкен жауапкершілігі — климат дағдарысынан ең көп зардап шегіп отырған ауыл әйелдерінің өмірі мен тағдырын қоғамға жеткізу, олардың тәжірибесін мемлекеттік саясат пен қоғамдық пікірталас деңгейіне шығару.

Жалпы айтқанда, климаттың өзгеруі мен гендерлік теңдік мәселесі — бір-бірінен ажыралмас, өзекті бағыттар. Ауыл әйелдері осы екі дағдарыстың да ең ауыр зардабын бастарынан өткізуде. Сондықтан олардың шешім қабылдау үдерісіндегі белсенділігін арттыру, жасыл экономика мен экологиялық жобалардағы рөлін күшейту — мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болуда. Ал “Теңдік журналистикасы” осы өзгерістерді қоғамға жеткізетін, тұрақты әрі әділетті болашаққа бастайтын маңызды құралға айналады.

Сирожиддин САМАНДАРОВ, Өзбекстан Журналистика және бұқаралық коммуникациялар университетінің студенті.

“Нұрлы жол” газеті және Республикалық қазақ мәдени орталығы Республикадағы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өбдіхалық Абдурахымұлы АЙДАРҚҰЛОВТЫң қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жастар — ел ертеңі

БІЛІМ МЕН БАСТАМА ТОҒЫСҚАН СӘТ

Ташкент химия-технология институтының Янгир филиалында өткен ерекше кездесу жастардың белсенділігі мен қоғамдағы орнын айқындап берді. Бұл күні студенттер мен Сырдария облысы әкімінің міндетін атқарушы Эркинжон Турдимов еркін форматтағы ашық диалог алаңында бас қосты.

Кездесу басталар алдында облыс әкімі институт базасындағы “Өзбекстан — Қытай” шеберханасы мен тіл орталығының жұмысымен, сонымен қатар ғылыми жобалар көрмесімен танысты. Әкімді, әсіресе студент Ислам Түрдіқұловтың экологиялық бағыттағы жобасы ерекше қызықтырды. Жас зерттеуші пластикалық полимерлердің биодеградациясын жеделдетуге арнал-

ған жаңа қоспа түрін әзірлеумен айналысып жүр. Ә.Турдимов жас ғалымның идеясын қолдап, жобаны тәжірибелік тұрғыда дамытуға көмектесуге уәде берді.

Диалог барысында студенттер өздерін толғандырған мәселелерін батыл көтерді. Олар оқу орнынан Гүлстан қаласына қатынайтын автобус бағытын ұйымдастыру, “Банк сағаттары”

форматындағы экономикалық білім беруді жолға қою, кәсіпкерлермен бірлескен шеберлік сабақтарын өткізу сынды ұсыныстар айтты. Сонымен қатар мұғалімдерге арналған тұрғын үйлер салу, балалар және спорт алаңдарын жанарту мәселелері де назардан тыс қалмады.

Жастар өз колдарымен жүзеге асыра алатын бастамаларды да ортаға салды. Соның ішінде студенттер ұсынған “Көңілді де тапқырлар” сайысын аудан әкімінің кубогы үшін өткізу идеясы ерекше қызығушылық тудырды. Олар жүлде қоры ретінде 15, 10 және 5 миллион сум бөлуді ұсынған еді. Алайда, Әкім жастардың жігерін қолдап, бұл соманы тиісінше 50, 30 және 20 миллион сумға дейін арттыруды ұсынды. Бұл шешім студенттерге зор



береді. Заманауи зертханалар, симуляциялық орталықтар мен тәжірибелік кабинеттер студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге толық мүмкіндік жасап отыр.

Бұл жетістік — Гүлстан мемлекеттік университетінің ғана емес, бүкіл Сырдария өңірінің ғылыми және білім беру саласындағы үлкен жеңісі. Факультет деканы Фарход Шерназаров атап өткендей, оқу бағдарламалары халықаралық стандарттарға, озық педагогикалық

технологиялар мен практикалық талаптарға сай әзірленген. “Түлектеріміздің әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуы үшін барлық жағдай жасалуда”, — дейді ол.

Ең бастысы, бұл жетістік медицина факультетінің түлектеріне жаңа көкжиектер ашады. Енді ГүлМУ түлектерінің дипломы мен білімі әлемнің көптеген елдерінде мойындалады. Бұл жастарға шетелдік беделді университеттерде білімін жалғастыруға, халықара-